

The top group of crop products exported for January-October 2019 includes: wheat and meslin - 45.1% of the total crop production export, barley - 14.8%, sunflower seeds - 7.8%, flax seeds - 7, 2%, durum wheat - 6.1%, lentils - 2.7%.

The top group of livestock products exported for January-October 2019 includes: live cattle - 44.5%, small ruminants - 14.9%, frozen fish - 4.6%, cattle meat - 4.3%, lamb - 3, 4%, eggs - 3.2%.

In addition to flour (32.2% of the total export of processed products), the top group of processed agricultural products also includes cotton fiber - 7.4%, rapeseed oil - 4.6%, sunflower oil - 4%, fish products - 3, 1%, confectionery products - 3.0%, pasta and flour products - 3%, mineral and carbonated waters - 2.7%, linseed oil - 2.1%, chocolate - 2%,

An important role in the growth of export of processed products is played by active work to remove restrictions and agree the veterinary and sanitary requirements.

In order to open new sales markets, the Ministry is conducting systematic work to agree the phytosanitary and veterinary requirements of importing countries.

This made it possible to export agricultural products to China, Iran, the CIS countries, the EU countries, the UAE and to the Kingdom of Saudi Arabia.

According to the rules of international trade in the WTO, the export of livestock products and feeds can be carried out only from enterprises included in the Registers based on the results of inspections or the guarantee of veterinary and phytosanitary services of exporting countries.

In total, the Register of Third Countries and the EAEU includes 2568 enterprises for the production and processing of livestock products of the agro-industrial complex, 2357 of which are in the EAEU Register, 77 enterprises in the PRC Register, 46 enterprises in the EU Register, 87 enterprises in the Register of the Republic of Uzbekistan, 3 enterprises in the UAE Register .

It should be noted that due to the stable epizootic situation in Kazakhstan and the possession of statuses for especially dangerous animal diseases (FMD, ASF, CSF), the authorized bodies of third countries include Kazakhstan enterprises in the Registers under the guarantees of the veterinary service of the Republic of Kazakhstan. Thus, under the guarantees of the veterinary service of the Republic of China, 64 enterprises are included in the Register of the Republic of China with the right to supply fish and fish products to the Chinese market, 19 enterprises engaged in farming and slaughter of farm animals are included in the Register of the Republic of Uzbekistan under guarantees of the veterinary service of the Republic of Kazakhstan.

A total of 353 Kazakhstani enterprises for the production and processing of crop products are in the Registers of the PRC. Under the guarantee of the quarantine service of Kazakhstan, without inspection by Chinese specialists, 195 enterprises are included in the GACC registry.

#### References:

1. All data were taken on the basis of materials, reports of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. (<https://moa.gov.kz/>).

Жаксыбаева А., Кожыкова А., Талғат Б.Ж., 2 және 4 курс студенттері  
(академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)  
Ғылыми жетекші - оқытушы Ақмолда М.Н.

#### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПкерліктің даму ерекшелігі

Экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі бізге олардың глобалды бәсекелестік жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, өндіріске жаңа технологиялар мен зерттемелерді енгізудің негізінде екенін дәлелдейді. Әр түрлі бағалаулар бойынша осы елдердегі өндірістегі өсулердің 70-100 пайызы инновацияларды қолданудың негізінде болатынын көрсетеді. Міне, сол себепті инновациялық кәсіпкерлікті зерттеп, оның даму стратегияларын жасаудың Қазақстан экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін маңызы зор.

Инновациялық кәсіпкерлік – новаторлық функциямен байланысты кәсіпкерлік іскерліктің моделі. Кәсіпкердің ролі жаңалықтарды, бұрын-соңды болмаған өнімдерді экономикалық дәстүрлі факторларын (еңбек, жер және капитал) қолдана отырып табу болып табылады.

Инновациялық кәсіпкерлік – шындық пен мүмкін жағдайдың аралығындағы үлесілушіліктерді (мәселелерді) шешуімен байланысты, өнім мен қызмет түрінде жаңа ойды нарыққа дейін жеткізуге арналған, экономикалық пайда алуға бағытталған мақсатталған қызмет.

Инновациялық кәсіпкерліктің субъектілеріне инновациялық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар жатады. Инновациялық кәсіпорынның қызметі технологиялық немесе өнімдік инновацияларды пайдаланудың нәтижесінде пайда табудан көрінеді. Дамыған елдерде кәсіпорындардың 70%-на жуығы рыноктың жаңа сегменттерін игеру мақсатында өнімнің ассортиментін кеңейтумен байланысты инновацияларды жүзеге асырады. Осы ретте ҒЗТКЖ-ға арналған шығыстар инвестициялардың 30%-на жуығын құрайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан едәуір технологиялық-алдыңғы қатарлы елдермен, атап айтқанда АҚШ, Германия, Қытай, Финляндиямен салыстырғанда, оның инновациялық даму деңгейі біршама артта қалған. Осыған қарамастан, елдің ғылыми-технологиялық секторында жүзеге асырылып жатқан реформалардың арқасында Қазақстан біртіндеп инновациялық экономиканы қалыптастыру бағытына қарай жылжып барады. Ел басшылығы инновациялық дамудың түрлі үлгілерін қарастырып, негіз ретінде Оңтүстік Корея мен Сингапурдың инновациялық жүйелерінің үлгілерін алды. Бұл жүйелердің ерекшелігі жоғары технологиялық секторға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту, ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын қаражатты арттыру, мемлекеттің кәсіпорындарды қолдауға, атап айтқанда олардың инновациялық белсенділігіне қатысуы, сондай-ақ венчурлық қаржыландыруды дамыту болып табылады.

Инновациялық кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі жаңа ғылыми идеяларды іздеу немесе әзірлеуге және оларды бағалауға, қажетті инвестициялық ресурстарды табуға, кәсіпорынды немесе жобаны басқарудың тиімді моделін жасауға, ақшалай табыс алуға негізделген.

Инновациялық кәсіпкерліктің негізгі функцияларының бірі ғылыми-техникалық және өндірістік сфераның арасында байланыстырушы ролде жүзеге асыру болып табылады. Инновациялық кәсіпкерліктің қызмет етуі ғылыми-техникалық ұйымдар мен шаруашылық субъектілердің инновациялық өнімді жасаумен немесе ғылыми-техникалық шешімдерді коммерциялық мақсатта пайдалану мүмкіндігіне дейін жеткізумен байланысты шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

Инновациялық кәсіпорындар қызметінің тиімділігінің төмен болуының негізгі себептерінің бірі Қазақстанда инновациялық және жоғары технологиялық жобаларды басқара білетін, интеллектуалдық меншікті пайдалану мен құқықтық қорғау теориясы мен тәжірибесінің іскерлік қағидаларын кәсіби меңгерген кәсіби инновациялық менеджер-мамандар институтының жоқтығы болып табылады.

Қазіргі күні Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қалыптастыру мен дамытуда кедергі болатын факторлары келесідей:

- өз қаржыларының жетіспеушілігі негізінде инвестициялық қорлар арқылы несиелерге қол жеткізудің қиындығы;
- инновациялық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті сәйкес инженерлік-транспорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген өндірістік қойма орындарының жеткіліксіздігі;
- инновациялық кіші кәсіпкерлік субъектілерінің қолданыстағы заңдардағы өзгертулер туралы хабарсыздығы, әкімшілік кедергілер және кәсіпкерлік қызметпен айналысу кезінде билік органдарының нақты тәртіптерінің жоқтығы;
- инновациялық кіші кәсіпорындардағы жұмыскер мамандықтарының білікті мамандарының жеткіліксіздігі. Кіші кәсіпкерлік субъектілерінің өңдеуші өндірістерінің ірі және орта ұйымдарымен өзара әрекеттесу және кооперациялануын дамыту туралы мәселе ерекше зер салуды талап ету қажеттілігі.

Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік ахуалын жақсарту үшін:

- білікті кадрлар және жұмыс күшін дайындау жүйесін бекіту: кадрларды кәсіби біліктілігі тұрғысынан дайындау және қайта дайындау, кіші бизнес және өзін жұмыспен қамту саласында оқыту;
- инвестициялық үрдістерді басқаруды ұйымдастыруды жақсарту: басқару кадрларының кәсіби біліктілігін бекіту, қоғамдық бақылау үшін биліктің ашықтық дәрежесін көбейту, шенеуніктердің қызметін реттеу деңгейін жоғарылату керек.

Әдебиеттер:

1.Сексенбаев К., Султанова Б. К., Кисина М. К. Информационные технологии в развитии современного информационного общества // Молодой ученый. — 2015. — №24. — С. 191-194.